ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ ТУЫНДАҒАН КЕЗДЕ ШҰҒЫЛ ӘРЕКЕТ ЕТЕТІН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЗАРДАП ШЕГУШІЛЕРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЕРЕКШЕЛІГІ

Құтқару бөлімшелері қызметкерлерінің қызметі оңай еместігі, қауіпті екендігі айдан анық. Төтенше жағдай туындаған кезде шұғыл әрекет ететін сала қызметкерлеріне қолайсыз жағдайларда жұмыс істеуге тура келеді, мысалы: алға қойылған міндетті орындауға деген жоғары жауапкершілік, іс-әрекеттің жеделдігі, уақыт тапшылығы, жағдайдың кенеттен өзгеруі, міндетті орындау жай-күйі туралы ақпараттың жеткіліксіздігі немесе бұрмалануы, газбен, түтінмен бүлінген орын-жайда жұмыс істеу, зардап шеккендермен тұлғаралық өзара әрекеттесу, адам мәйіттерімен жұмыс жасаудағы эмоционалдық күйзелу, суға сүңгу жұмыстары, ол кезінде агрессивті қоршаған ортаның әсер етуі (қысым, жақсы көре алмау және т.б.) және басқалары.

Сондықтан да лауазымдарға үміткерлерді іріктеген кезде қатаң және кезеңдерден тұратын іріктеу жүргізіледі. Кәсіби қызмет болғасын, қызметкерлерде қызметті айтарлықтай тиімді және шұғыл жасауға көмектесетін қасиеттері болу керек. Құтқару қызметінің қызметкері (өрт сөндіруші, құқарушы, медицина қызметкері) өз жұмысын жасаған кезде өз психоэмоционалдық және физикалық жай-күйін игеру керек, сонымен қатар зардап шеккендермен білікті түрде әрекеттесе білу қажет. Қызметкер және зардап шегуші арасында орнаған жұмысқа қарап қалыптасқан жағдайдың қалай шешілетінін білуге болады.

Өз қызметтік міндеттерін шұғыл және сапалы орындау үшін, сонымен қатар зардап шеккендердің физикалық және эмоционалдық жай-күйін сақтау үшін құтқару бөлімшелерінің қызметкерлері төмендегі қағидаларды ұстануы керек:

1. Зардап шегушіге сіздің жақын екеніңізді және құтқару бойынша шаралардың қабылданып жатқанын айтыңыз.

Зардап шегуші қалыптасқан жағдайда жалғыз емес екенін сезінсін. Ондай жағдайда зардап шегушіні төмендегідей ақпараттандыру орынды, мысалы: медициналық көмек жуырда келеді, ол жолда келе жатыр немесе авариялық-құтқару жұмыстары өткізіліп жатыр.

2. Мүмкіндігінше зардап шегушіні бөтен адамдардан алшақ ұстауға тырысыңыз.

Қызыққұмарлардың көз тастауы дағдарысты жағдайда өте жағымсыз әсер етеді. Егер ондай адамдар кетпей жатса, оларға бір тапсырма беріңіз, мысалы қызыққұмарларды оқиға орнынан қуып жіберуге, ауыр затты жылжытуға көмектесуге және т.б.

3. Дене арқылы байланысты абайлап орнату.

Дене арқылы жеңіл байланыс әдетте зардап шеккендерді тыныштандырады. Сондықтан зардап шегушіні қолынан ұстап, иығынан қағыңыз. Басына немесе дененің өзге бөліктерін тиіспеңіз. Зардап шегуші

тұрған қалыпта сіз де болыңыз. Медициналық көмек көрсетсеңіз де, зардап шегуші тұрған қалыпты алуға тырысыңыз.

4. Сөйлеңіз және тыңдаңыз.

Зейін салып тыңдаңыз, сөзді бөлмеңіз, өз міндеттеріңізді орындағанда сабырлы болыңыз. Зардап шегуші есінен танып жатса да сөйлеңіз, сабырлы үнмен тіл қатыңыз. Қызбалыққа салынбаңыз. Сөкпеңіз. Зардап шегушіден мынаны сұраңыз: «Мен сіз үшін не істей аламын?» Егер сізде аяушылық сезімі болса, оны айтуға ұялмаңыз.

5. Қолдау көрсетуді үйреніңіз, егер қажет болса зардап шегушіге оған көмектесу үшін қолдау көрсетіңіз, ол Сіздің бетіңізді қайтарса да, оны түсінуге тырысыңыз.

6. ТЖ туралы тек шынайы ақпаратты ғана таратыңыз, бұл үрейлі, депрессиялы көңіл-күйге және «қалың топ синдромына» жол бермеуге мүмкіндік береді (үрейге салынатын адамдарды басқалардан алшақ ұстау керек, үрейге жол бермеу қажет).

, Сонымен бірге мына бірқатар әрекеттерді жасауға болмайды:

- зардап шеккендердің жағынан салып жіберу,
- айғайлауға, бұйыруға
- оны қорқытуға, жарақатты одан сайын ушықтырып жіберуі мүмкін.

Қазіргі өмірде күтпеген жайттар болып жатады. Өкінішке орай, осындай оқиғалар адамға оң жағынан ғана әсер етпей қоймайды. Басты міндеті адам өмірін қалай болса да сақтап қалу болып табылатын шұғыл әрекет ететін сала қызметкерлеріне де оңай емес. Қиын уақытта көмекке келетін адамдардың орны бөлек. Олар көмекке зәру адамдарға танытатын мейірімділік пен қайырымдылықты кәсіби дағдыларымен бірге алып жүретін адамдар.

1 НАУРЫЗ АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫС СОНДАЙ-АҚ... Қазақстанда Алғыс айту күні аталып өтіледі Астанада лаңкестік шабуылдарға төтеп беретін техникалар жұрт назарына ұсынылды Грекияда министр тілсіз жаудың кесірінен отставкаға кетті Жамбыл облысында Алғыс айту күніне орай 200-ге жуық іс-шара ұйымдастырылады Наурыздың алғашқы үш күнінде ауа райы суытады 1 наурыз – Дүниежүзілік Азаматтық қорғаныс күні 16:54, 01.03.2019 2468 UPD: 17:01, 01.03.2019 Ағымдағы жылы 1 наурызда «Дүниежүзілік Азаматтық қорғаныс күні» меркесі «біздің міндетіміз – балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету» ұранымен өтеді. Өкінішке орай, әлем әлі күнге дейін тынышсыз. Планетаның әр түрлі нүктелерінде азаматтық халық зардап шегетін әскери қақтығыстар үнемі өршіп тұрады. Бейбіт азаматтарды қорғау үшін арнайы құрылым – Азаматтық қорғаныс ұйымдастырылды. Уақыт өте келе бұл ұйымның міндеттері біршама кеңейтілді. Енді ол соғыс кезінде халықты қорғаумен ғана емес, табиғи және техногендік апаттар мен өзге де төтенше жағдайлар кезінде азаматтарды құтқарумен айналысады. Ұйымның өзінің кәсіби мерекесі – Дүниежүзілік Азаматтық қорғаныс күні бар. Бұл күн өз өмірлерін қауіп-қатерден сақтап қалу үшін жанкешті адамдардың құрметіне ұйымдастырылды. Қазақстандықтар жыл сайын 1 наурызда Дүниежүзілік Азаматтық қорғаныс күнін атап өтеді. 1 наурыз – Дүниежүзілік Азаматтық қорғаныс күні неге атап өтіледі? 1990 жылы ХАҚҰ Бас Ассамблеясының 9-шы сессиясы өтті. Осы іс-шара аясында жыл сайын 1 наурыз – Дүниежүзілік Азаматтық қорғаныс күнін атап өту туралы шешім қабылданды. Бұл мейрамның күні 1972 жылғы 1 наурызда Халықаралық Азаматтық қорғаныс ұйымының (ХАҚҰ) құрылуына орайластырылды. Дегенмен, дәлірек айтсақ, бұл ұйым тек үкіметаралық мәртебеге ие болды, бірақ ол бұған дейін болған. Сол кезде 18 мемлекет мақұлдаған ХАҚҰ Жарғысы күшіне енді. Бүгінгі таңда бұл ұйымның мүшелері 50 мемлекет және тағы бірнеше ел бақылаушы мәртебесінде. Дүниежүзілік Азаматтық қорғаныс күні жыл сайын жаңа ұранмен өтеді. Ағымдағы жылы мереке «біздің міндетіміз – балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету» ұранымен өтеді. Осыған байланысты ҚР ІІМ ТЖ комитеті балалар мен елдің қазіргі жастары арасында азаматтық қорғау саласындағы білімді насихаттауға үлкен мән береді. Осыған байланысты жоғары оқу орындарында, мектептерде, мектепке дейінгі мекемелерде және басқа да оқу орындарында арнайы

сабақтар өткізіледі, ойындар, жарыстар, конкурстар ұйымдастырылады, олардың барысында қатысушылар өзін-өзі қорғаудың қажетті дағдыларын игереді, әртүрлі дағдарыстық жағдайлар туындаған кезде өзін қалай сақтап, айналасындағыларды қалай құтқаруды үйренеді. Қазіргі уақытта күн сайын әртүрлі табиғи және техногендік оқиғалар мен төтенше жағдайлардың пайда болу қаупі орын алған кезде осындай іс-шараларды өткізу өте өзекті. Ол халықты қандай да бір сыни жағдайда өзін-өзі ұстау ережелерін үйретуге, тіршілік қауіпсіздігі саласындағы мамандардың білімі мен іскерлігін тексеруге, күштер мен құралдарды қолдану жоспарларын және олардың іс жүзінде тиімділігін тексеруге мүмкіндік береді, проблемалық мәселелерді анықтауға, жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп осы бағытты дамыту перспективаларын талқылауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар төтенше жағдайлардағы іс-әрекет дағдыларын және білімін жетілдіру мақсатында әртүрлі іс-шаралар жоспары әзірленуде. Сонымен қазіргі уақытта ТЖ комитеті қазіргі қоғамның назарын Азаматтық қорғаудың ұлттық қызметтері орындайтын маңызды міндеттерге аудару және олардың азаматтық қорғау іс-шараларына тікелей қатысу мақсатында «Азаматтық қорғаудың басқару органдары мен күштерін даярлау жөніндегі іс-шараларға азаматтық халықты тарту жөніндегі шаралар кешені» Жол картасын әзірледі. Жол картасы азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінің басқару органдары мен күштерін табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою кезіндегі іс-қимылдарға өз бетінше жұмыс істейтін және жұмыс істемейтін халықты азаматтық қорғау жаттығуларына тарта отырып дайындау жөніндегі азаматтық қорғау іс-шараларын айқындайды. Сонымен қатар, ҚР Білім және ғылым министрлігімен бірлесіп «Қазақстан Республикасы жалпы білім беру мекемелерінде Дүниежүзілік Азаматтық қорғаныс күнін өткізудің іс-шаралар жоспары» әзірленді. Дүниежүзілік Азаматтық қорғаныс күнін мерекелеу бойынша барлық іс-шаралар төтенше жағдайлар кезіндегі іс-әрекеттер бойынша халықтың хабардарлығын арттыруға бағытталған. ҚР ІІМ ТЖ комитетінің баспасөз қызметі

Источник: https://24.kz/kz/zha-aly-tar/o-am/item/299727-1-nauryz-d-niezh-zilik-azamatty-or-anys-k-ni
Қолданылған материалдарға міндетті түрде www.24.kz сайтына гиперсілтеме берілуі тиіс / Любое использование материалов допускается только при наличии гиперссылки на www.24.kz

с-шара кезінде балалар өз өнерлерін, қабілеттерін барынша көрсетіп, байқауға белсене атсалысты.

Байқау барысында балғындар табиғи жағдайдағы төтенше жағдайлар, жер сілкінісі, су тасқыны, тағы да басқа апаттық оқиғалар тақырыбында суреттер салды. Конкурсқа қатысып, шеберліктерін танытқан оқушылар бірнеше сыйлықтар, дипломдармен марапатталды.

Аталған іс-шараның өтуі арқылы оқушылардың төтенше жағдайлар туралы тереңірек білім алуына мүмкіндік жасалды. Балалар төтенше жағдай кезіндегі іс-әрекет жасау негіздерін түсінді.

Оқушылар өз суреттерінде Төтенше жағдайлардың түрлерін бейнелеуге тырысты.

Сонымен қатар байқауды ұйымдастырудағы мақсат - мектеп оқушыларына улы газдан сақтану, тұрғын үйдегі өрт қауіпсіздік ережелерін сақтау, адамдар жаппай болатын объектілерде өрт шыққан жағдайда не істеу керек, қауіпсіз жерге қалай шығу, өз-өзін құтқару іс-әрекеттерін үйрету болатын.

Жас өрендерге кез-келген үй-жайға кіргенде қосымша және авариялық шығу жолдарына көніл бөлу, ойша оларға қарап өту, ғимараттан шығарда жақын жерде орналасқан эвакуациялық жолмен шығуы туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Ақтау қаласы Төтенше жағдайлар басқармасы оқушыларға үй-жайдағы зиянды жану өнімдері адамның бойына жоғары деңгейде жиналатыны туралы, сонымен қатар түтіннің әсерінен адамның улануы қауіптілігі жайында және түтінге қарсы қандай іс-әрекеттер жасау керектігі туралы түсіндірді.

Балаларға сонымен қатар қосымша ақпарат ретінде өрттің шығу себептері туралы анықтамалар берілді.

Төтенше жағдайлар кезіндегі жадынамалар
Жарияланған күні: 10.01.2022



Адамдарды кепілге алған жағдайдағы іс-қимылдар бойынша

тұрғындарға арналған жаднама

Адамдарды кепілге алудың әрбір нақты жағдайы өзгеше және басқалардан ерекшеленеді.

Сонымен қатар **егер сіз кепілге алынсаңыз:**

1) өз-өзіңізге мүмкіндігінше жылдам келіңіз, тыныштalыңыз және үрейленбеңіз;

2) егер өзіңізді байлап немесе көзіңізді жапса, бойыңызды еркін ұстауға тырысыңыз, терең тыныстаңыз;

3) болуы мүмкін қатаң сынаққа жеке адами, моральдық және эмоционалды тұрғыда дайын болыңыз. Осы ретте адамдарды ұстаудың көптеген жағдайларында кепілге алынғандардың тірі қалғандығын есте сақтаңыз. Сізді

босату үшін құқық қорғау және арнайы органдары кәсіби шаралар қолданып жатқанына сеніңіз;

4) егер қашып кете алатыныңызға толық сенімді болмасаңыз, қашуға тырыспаңыз;

5) террористер туралы мүмкіндігінше көбірек ақпаратты есте сақтаңыздар. Олардың санын, қарулану дәрежесін мақсатқа сай белгілеу, дене бітіміне, сөйлеу акценті мен тақырыбына, темпераментіне, өзін ұстау мәнеріне және т.б. сыртқы пішінін сипаттайтын ерекшеліктерге көңіл аудара отырып, барынша толық кескінін жасау. Жан-жақты ақпараттың соңынан террористердің жеке бастарын анықтауда көмегі тиеді;

6) әр түрлі белгілер бойынша өзіңіз отырған (қамалған) орынды анықтауға тырысыңыз;

7) мүмкіндігінше терезелерден, есіктерден және адам ұрлаушылардың өздерінен алысырақ, яғни құқық қорғау органдары белсенді шаралар қабылдаған жағдайда (үй-жайға шабуыл, мергендердің қылмыскерлерді көздеп атуы және т.б.) неғұрлым қауіпсіз жерге орналасыңыз;

8) ғимаратқа шабуыл жасаған жағдайда қолды желкеңізге қойып, еденге етпеттеп жатуды ұсынады;

9) егер шабуыл жасаған және басып алған кезде Сізбен әдепкіде (Сіздің жеке басыңызды анықтағанға дейін) ықтимал қылмыскер ретінде бірқатар дөрекі іс-әрекетке барса, ашуланбаңыз. Сізді тінтуі, қолыңызға кісен салуы, байлауы, эмоционалдық немесе жеке басыңызға жарақат жасауы, тергеуге алуы мүмкін. Бұл тәрізді жағдайларға түсіністікпен қараңыз, шабуылдаушылардың мұндай әрекеттері (барлық адамды түпкілікті сәйкестендіргенге және шынайы қылмыскерлерді анықтағанға дейін) дәлелденген.

Адамды ұрлаушылармен өзара қарым-қатынас:

1) агрессивті қарсылық көрсетпеңіз, шалт және қауіп төндіретін қимыл жасамаңыз, террористерді өздері ойластырмаған іс-әрекеттерге итермелемеңіз;

2) мүмкіндігінше адам ұрлаушылармен тікелей көзбен арбасатын байланыстан қашыңыз;

3) бастапқыдан — ақ (әсіресе, бірінші жарты сағатта) адам ұрлаушылардың барлық бұйрығын және өкімін орындаңыз;

4) пассивті ынтымақтастық позициясын ұстаныңыз. Сабырлы дауыспен сөйлесіңіз. Басып алушылардың ашу-ызасын тудыруы мүмкін дұшпандық рең мен іс-қимылға шақыратын жек көрушілік сезімін білдіруден қашыңыз;

5) өзіңізді сабырлы ұстаңыз, бұл ретте өз абыройыңызды сақтаңыз. Үзілді-кесілді қарсылық жасамаңыз, бірақ өзіңізге өте қажетті жағдайда сабырмен өтініш жасаудан қорықпаңыз;

6) аталған жағдайда қатты күйзелуден қозғалуы мүмкін денсаулық кінәратыңыз болса, бұл туралы өзіңізді ұстап отырған адамдарға сабырлы түрде жеткізіңіз. Қалыптасқан жағдайларды ескере отырып, біртіндеп өзіңіздің жай-күйіңізді жақсартуға байланысты өтініштер деңгейін арттыруға болады.

Кепілдік жағдайында ұзақ болған кезде:

1) уайым, абыржу және асып-сасу сезімінің орын алуына жол бермеңіз. Алдағы сынақтарға өзіңізді ойша дайындаңыз. Ақыл-ой белсенділігін сақтаңыз;

2) ашыну сезімінің пайда болуынан қашыңыз, ол үшін өз-өзіңізді сендірудің ішкі ресурстарын пайдаланыңыз;

3) жағымды нәрселер туралы ойлаңыз және сондай жағдайларды еске түсіріңіз. Уақыт өткен сайын сізді босату мүмкіндіктерінің арта түскенін ойлаңыз. Сізді дәл қазір босату үшін барлық мүмкіндіктердің жасалып жатқандығына сеніңіз.

4) өзіңізге тұрақты айналысатын бір іс (дене жаттығулары, кітап оқу, өмір туралы естеліктер және т.б.) табыңыз. Дене және интеллектуалдық іс-қимылдың тәуліктік кестесін белгілеңіз, оларды қатаң әдістемелік тәртіппен орындаңыз;

5) күшіңізді сақтау үшін, тіпті ұнамаса және тәбетіңізді ашпаса да берген тағамның бәрін жеңіз. Осындай қысылтаяң жағдайда тәбетіңіз бен салмағыңыздың жоғалуы қалыпты құбылыс болып табылатындығына ден қойыңыз.

Психологиялық орнықтылықты сақтау кепілдегі адамды құтқарудың маңызды шарттарының бірі. Мұнда ойдың айқындығын сақтауға, жағдайды дәлме-дәл бағалауға мүмкіндік беретін жағымсыз әсерлер мен күйзелістерден оқшаулайтын кез келген амал-әдістер тиімді. Келесі ережелерді ұғып алған пайдалы:

1) аталған жағдайларда қолайлы дене шынықтыру жаттығуларын жасаңыз, кем дегенде, денедегі барлық бұлшық еттерді кезек-кезек ширықтырыңыз және босаңсытыңыз;

2) барлық жағдайларда аутотренинг пен медитацияны қолдану өте пайдалы, олар өз психикаңды бақылауда ұстауға көмектеседі;

3) ішіңізден оқыған кітаптарыңызды, өлеңдеріңізді, әндеріңізді есіңізге түсіріңіз, жүйелі түрде әр түрлі дерексіз проблемаларды (математикалық есептерді шығарыңыз, шетел сөздерін есіңізге түсіріңіз және т.б.) ойлап алыңыз. Сіздің ақыл-ойыңыз жұмыс істеуі керек.

4) егер мүмкіндік боласа, қолыңызға түскеннің бәрін, тіпті оның мәтіні сізге мүлдем қызықсыз болса да оқыңыз. Сондай-ақ жазғандарыңызды қайтып алатынына қарамастан, жазуыңызға да болады. Ақыл-есті сақтауға көмектесетін осы үдерістің өзі маңызды.

5) Болып жатқан жағдайларды жүрегіңізге жақын алмай, сырттан қарауға тырысыңыз, соңына дейін істің сәтті аяқталатынына сеніңіз. Қорқыныш, торығу мен селқостық – бұл үшеуі сіздің негізгі жауыңыз, оның бәрі – өз ішіңізде жатыр.

Күдікті тұлғаларды байқаған жағдайда халыққа арналған жаднама

Күдікті тұлғаларды байқаған жағдайда

халыққа арналған жаднама

Терроризм актілерін дайындау немесе жоспарлауды куәландыратын белгілері:

1)сіз жұмыс істейтін немесе үйдің ауласында, ғимарат айналасында *(жиі баратын жеріңізді)* күдікті тұлғалардың бірнеше рет көрінуі, фото және бейне түсірме жасауы, сондай-ақ дәптерге жазба жасау;

2) құқық қорғау орган қызметкерлерімен кездесуден қашу және бейне камерадан бұлтару әрекеттері *(басын түсіру, бұрылып кету, бетін жабу)*;

3) жер төле және шатырларға техникалық қызмет көрсетуге қатысы жоқ тұлғалардың кіруі;

4) тұрғын және әкімшілік ғимараттарға қызмет көрсететін персоналдар және күзетушілермен бейтаныс адамдардың негізсіз байланысқа түсуі, олардан жұмыс тәртібі, қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша шаралар және т.б. жөнінде мәліметтерді жинақтау;

5) бөгде тұлғалармен маңызы төмен жұмыстарды *(пакет, түйіншек, посылка беріп жіберу)* ірі сыйақыға орындайтын тұлғаларды іздеуі.

Күдікті тұлғаларды байқаған жағдайда келесі іс-қимылды орындау қажет:

1) Ұстауға өздігімен әрекет қабылдамау;

2) Олар жөнінде құқық қорғау органдарына шұғыл хабарлау;

3) Өзіңіз назарға түспеу, тұлғалардың санын, нақты сыртқа белгілерін, киімдерін және оларда бар заттарды, қолдануындағы автокөлік номерін және маркасын, қозғалыс бағытын белгілеп алу.

Күдікті зат тауып алған кездегі тұрғындарға арналған

жаднама

Біліңіздер: заттардың сыртқы көрінісі оның расында неге арналғанын жасыруы мүмкін. Жарылғыш заттар үшін камуфляж есебінде әдеттегі тұрмыстық заттар қолданылады: сумка, пакет, түйіншек, қорап, ойыншық және т.б

Табылған заттардың жарылу қаупін куәландыратын, белгілері:

1) көлік маңында, баспалдақта, пәтерде және т.б. орындарда белгісіз түйіншектің немесе басқада бір заттардың болуы;

2) бөтен сумка, портфель, қорап, басқада заттың: кіреберісте, пәтер есігінің, көліктің маңында өзгеше орналасуы;

3) табылған күдікті заттан шудың шығуы (сағат механизміне, жиілігі төмен дыбысқа тән).

Егер де сіз күдік тудыратын зат тауып алсаңыз, ол фактіні назардан тыс қалдырмаңыз:

1) *қоғамдық көлікте*

— заттың (сөмкенің және т.б.) кімдікі екенін немесе кім қалдырып кетуі мүмкін екенін қасыңыздағы адамдардан сұраңыз;

— егер иесі анықталмаса, табылған зат туралы дереу жүргізушіге немесе кондукторға хабарлаңыз.

2) *үйіңіздің кіре берісінде:*

— көршілерден сұраңыз, мүмкін ол зат соларға тиесілі шығар. Егер иесі анықталмаса, табылған зат туралы дереу құқық қорғау органдарына хабарлаңыз (тел. 102, 112).

3) *көшеде, саябақта және т. б.:*

— айналаңызға қараңыз, егер мүмкіндік болса, заттың иесін анықтауға тырысыңыз. Егер ол анықталмаса, құқық қорғау органдарына шұғыл хабарлаңыз (тел.102, 112);

— затты бөгде адамдардан оқшаулауға немесе алыс арадан затқа бөтендерді жібермеуге тырысыңыз. Құқық қорғау органдарының қызметкерлері келген бойда зат табылған уақыт туралы ақпарат беріңіз.

4) *мекемелерде, ұйымдарда:*

— тауып алған зат туралы объект күзетшісіне немесе әкімшілігіне дереу хабарлаңыз.

Табылған затпен немесе күдік тудыратын заттармен жеке **іс-қимыл жасауға тырыспаңыз**, олар жарылғыш құрылғылар болуы мүмкін, бұл жарылысқа, көптеген құрбандыққа, қирауға әкелуі мүмкін.

Үзілді-кесілді тыйым салынады

— табылған затты ұстауға, ашуға және орнынан қозғауға, бір жерден екінші жерге апаруға, қолға алуға

— табылған затты қалтаға, портфельге, сөмкеге салуға және т.б

— жерге көмуге немесе оларды су қоймаларына тастауға

— заттардан шығып тұрған сым темірлерді немесе сымдарды үзіп тастауға немесе тартуға, оларды залалсыздандыруға тырысуға

— табылған заңсыз затты пайдалануға

— оған жақын аралықта радио- және электрлі — аппараттарын, ұялы телефондарды пайдалануға

Эвакуациялау туралы ақпарат алған кездегі тұрғындардың іс-қимылдары жөніндегі жаднама

Егер сіз қауіпсіз жерге көшіруді бастау туралы ақпаратты үйіңізде естісеңіз:

1) ауа-райына қарай киініңіз, құжаттарыңызды, ақшаларыңызды, бағалы заттарыңызды алыңыз;

2) электрді, газды, суды ажыратыңыз, пештегі (алау ошақтағы (камин) отты сөндіріңіз

3) көшу кезінде қарияларға және ауыр науқастарға көмек көрсетіңіз;

4) кіреберіс есікті құлыпқа жабыңыз;

5) ғимараттан шығыңыз және көшірушінің командасын орындаңыз, тастап кеткен үй-жайға жауапты адамдардың рұқсатынан кейін ғана қайта оралыңыз.

Егер сіз қауіпсіз жерге көшіру туралы ақпаратты жұмыс орныңызда естісеңіз:

1) асықпай және дүрлікпей жұмыс құжаттарыңызды сейфке немесе кілтпен жабылатын үстел жәшіктеріне жинаңыз

2) өзіңізбен бірге жеке заттарыңызды, құжаттарыңызды, бағалы заттарыңызды алыңыз;

3) ұйымдастыру техникаларын, электр құрылғыларын сөндіріңіз;

4) есікті кілттеп жабыңыз және көшіру тәсілінде белгіленген бағытпен жүріңіз;

5) ғимараттан шығыңыз және көшіру басшысының командасын орындаңыз.